

Ауылдың үздік модельдік кітапханасы

ҚР Президентінің Жарлығына сәйкес, Қазақстанда кәсіби және басқа да мерекелердің жаңа тізімі бекітілді. Бұл жөнінде қазанның 26-сы күні ресми баспасөзде жарияланған Президенттің Жарлығында қыркүйектің соңғы жексенбісі - Мәдениет және өнер қызметкерлерінің күні болып хабарланды.

Осы орайда мәдениетіміздің алтын қазығы — кітапхана жайында сөз қозғамауға болмас. Себебі мәдениет пен кітапхана тығыз байланысты. Кітапхана - мәдениетті дарытатын, елді тәрбиелейтін үлкен мекеме. Жаңа заман талабына сай кітапхана — ақпараттық, білім беру, мәдени-танымдық функцияларды атқаратын мекеме. Сондай мекемелердің бірі, 2005 жылдан бері талмай еңбектеніп келе жатқан К. Мыңбаев ауылдық модельдік кітапханасы. Ауылдық кітапхана модельдік болған соң жаңа технологиялармен, жаңа заманға сай жиһаздармен жабдықталып, ғаламторға қосылған. Ауылдың модельдік кітапханасы тың жаңалықтарға толы тарихи, мәдени мұралармен, жалпы саяси кітаптармен, кішкене бүлдіршіндерге арналған арнаулы оқулықтармен толыққанды жабдықталған, РАБИС бағдарламасы қосылған кітапхана қорында 8771 кітап бар. Кітапхана жұмысы жылдан-жылға өсіп келеді. Бұған оқырмандардың үндесуі де елеулі қозғаушы күшке айналды. Бұл, әрине, қуантарлық жайт. Себебі ауылдық модельдік кітапханаға оқушылар мен ауыл тұрғындарынан тыс күндізгі бөлімде, сырттай бөлімде оқитын студенттер қажетті ақпараттың алуға жиі барады. Және де өзіне керекті ақпаратты толығымен игеріп, кітапхана меңгерушісіне шексіз ризашылығын білдіретіндер де аз емес.

К. Мыңбаев ауылында орналасқан модельдік кітапхананың меңгерушісі Сайран



Камалиденқызы Шакабаева. Ол кісі 20 жылдан астам уақыт осы кітапхананы басқару ісімен айналысып келеді. Өз кәсібінде шындалған, кәсібін терең меңгерген білікті маман. Сайран Камалиденқызы 2001-2002 жылдары «Жылдың үздік кітапханашысы» атағын иемденіп қана қоймай, сол жылдардағы облыс әкімі К. Мұхамеджанов, аудан әкімі

Д.М. Құсайынов

облысымыздың, ауданымыздың қоғамдық-саяси өміріне белсене қатысқаны үшін мадақтама қағазымен бірнеше мәрте марапатталған болатын. Сонымен қатар, 2011 жылы аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі ұйымдастырған «Менің кітапханам» атты Тұсаукесер құрастыру байқауында 1 орынды иеленді. 2003 жылы бірінші Ауыл жылы қорытындысымен «Үздік ауылдық кітапхана» номинациясы бойынша Облыстық мәдениет департаменті марапаттайды. Осы модельдік кітапхананы басқару бойынша Сайран Шакабаева Гоголя атындағы облыстық кітапханада біліктілігін көтеру мақсатында арнайы курстардан өтеді. 2005 жылы Сайран Камалиденқызының жұмыс нәтижесі «Үздік ауылдық кітапхана» номинациясы бойынша Қазақстан Республикасының мәдениет, ақпарат және спорт министрлігі өткізген республикалық конкурста, 2866 ауылдық кітапханалар ішінен суырылып алға шығып, бас жүлдені және 200 мың теңге ақшапай сыйлықты алды. Бұл марапаттардың бәріне ауылдық модельдік кітапхананың меңгерушісі С. Шакабаева қажырлы, ерен еңбегінің арқасында қол жеткізді.

Бүгінгі таңда модельдік кітапхана ардагерлер ұйымының, әйелдер кеңесінің, жастар бірлестігінің ошағы болып табылады. Көптеген мерекелік ісшараларға қатысу бойынша кітапхана әрқашан алдыңғы қатарда керінеді. Ауыл әкімінің аппараты, мәдениет үйі, мектеп жұмыс ұйымдастыратын ісшаралар модельдік кітапханамен тығыз байланыста өткізіледі. Ауылда осындай пайдасы еліне зор модельдік кітапхана мен өнерлі де, еңбекқор меңгерушісі Сайран Камалиденқызын мақтан тұтатын тұрғындар көптен-көп. Еңбектеріңіз жемісті болып, оқырмандарыңыздың көп болуына тілектеспін!